



Абай облысы Бесқарағай ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Абай облысы Бесқарағай ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 122 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 сәуірде № 45-18 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген), ішкі сауда қағидаларының 50-1 тармағына сәйкес, Бесқарағай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Абай облысы Бесқарағай ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. "Абай облысы Бесқарағай ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін Бесқарағай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 367 "Бесқарағай ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7914 тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Бесқарағай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Т. Муратов

2023 жылғы 14 сәуірдегі

№ 122 қаулысына

қосымша

Абай облысы Бесқарағай ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Абай облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 19.06.2024 № 188 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Нақты орналасу орны | Алатын алаңы (шаршы метр) | Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі | Қызмет саласы | Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері) |
|---|--|----------------------------|------------------------------------|---|--|
| 1 | Бесқарағай ауылдық округі, Бесқарағай ауылы Тәуелсіздік, 2 а көшесіндегі Жастар ресурстық орталығы ғимаратына қарама-қарсы | 30 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | "777" дүкені, Сейфуллин көшесі, 144 а |
| 2 | Баскөл ауылдық округі, Қарағайлы ауылы, Тәуелсіздік, 68 көшесіндегі дүкенге қарама-қарсы | 6 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | "Нур-Айт" дүкені, Тәуелсіздік көшесі, 68 |
| 3 | Баскөл ауылдық округі, Башкөл ауылы, Абай, 41 көшесіндегі дүкенге қарама-қарсы | 6 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | "Мадина" дүкені, Абай көшесі, 41 |
| 4 | Баскөл ауылдық округі, Букебай ауылы, Солнечная, 15 көшесіндегі дүкенге қарама-қарсы | 6 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | "Алия" дүкені, Солнечная көшесі, 15 |
| 5 | Беген ауылдық округі, Беген ауылы, М.Әуезов | 9 | 5 | | жоқ |

| | | | | | |
|----|--|----|---|---|---|
| | көшесі 40 үйдің оң жағында | | | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | |
| 6 | Глуховка ауылдық округі, Глуховка ауылы, Жанғыру көшесі 23 үйдің оң жағында | 9 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | жоқ |
| 7 | Долон ауылдық округі, Долон ауылы, Амангелды көшесі 19 үйдің оң жағында | 6 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | жоқ |
| 8 | Долон ауылдық округі, Бөдене ауылы, Молдажанов көшесі 13 үйдің сол жағында | 6 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | жоқ |
| 9 | Ерназар ауылдық округі, Ерназар ауылы, Ленин, 88 көшесідегі дүкенге карама-қарсы | 9 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | "Акку" дүкені, Ленин көшесі, 88 |
| 10 | Жетіжар ауылдық округі, Жетіжар ауылы, Горький көшесі 15 үйдің сол жағында | 6 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | жоқ |
| 11 | Канонерка ауылдық округі, Канонерка ауылы, Ленин көшесінің бойында | 96 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | "Маяк" дүкені (Ленин көшесі, 17а), "Продукты" дүкені (Ленин көшесі, 53), "Хуторок" дүкені (Ленин көшесі, 28а), "Калина" сауда үйі (Ленин көшесі, 41), "Теремок" дүкені (Ленин көшесі, 136) |
| 12 | Канонерка ауылдық округі, Қара - Мырза ауылы, Тәуелсіздік ,8 | 6 | 5 | | "Арлан Ерке" дүкені, |

| | | | | | |
|----|--|---|---|---|--|
| | көшесідегі дүкенге карама-қарсы | | | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | Тәуелсіздік көшесі,8 |
| 13 | Қарабас ауылдық округі, Қарабас ауылы, Чехов, 17 көшесідегі дүкенге карама-қарсы | 6 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | "Адал" дүкені, Чехов көшесі, 17 |
| 14 | Қарабас ауылдық округі, Өндіріс ауылы, Р.Қошқарбаев көшесі 5 үйдің он жағында | 6 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | жоқ |
| 15 | Мало-Владимировка ауылдық округі, Мало-Владимировка ауылы, Горький, 17 көшесідегі дүкенге карама-қарсы | 9 | 5 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату | "Центральный" дүкені, Горький көшесі, 17 |